

Сермұхамет А.Б.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық аясында кедендік операцияларға ҚҚС есептеу мен төлеу ерекшеліктері

A.B. Sermukhmet

Features of calculation and payment of vat on customs operations in the eurasian economic community

Сермұхамет А.Б.

Особенности исчисления и уплаты НДС на таможенные операции в условиях Евразийского экономического сообщества

Қазақстанның сыртқы сауданы реттеуде әлемдік тәжірибені қолдануы, оның болашақта сауда саясатын белсенді және тиімді жүргізуіне жол ашады. Сыртқы нарыққа шығу экспорттық-импорттық тауар ағымдарын реттеудің халықаралық және ұлттық шартты жағдайлары туралы ақпараттарды игеруге мүмкіндік береді. Бұл мақалада Кеден одағына мүше мемлекеттер арасында кедендік операцияларға ҚҚС есептеу мен төлеудің кейбір ерекшеліктері және тәртіптері заңнамалық, нормативтік актілерге сәйкес қарастырылған.

Түйін сөздер: Еуразия экономикалық қауымдастығы, Кеден одағы, тауарлар экспорты мен импорты, жанама салықтар.

Application of international practice in the regulation of foreign trade of Kazakhstan, in the future, contribute actively and effectively conduct trade policy. Entering a foreign market gives opportunity to learn about international and national contingent positions of export-import commodity flow. This article describes some of the features of the order, calculation and payment of VAT on customs operations between member countries of the Customs Union in accordance with regulatory legislative acts.

Key words: Eurasian Economic Community, Customs Union, export and import of goods, indirect taxes.

Применение мировой практики в регулировании внешней торговли Казахстана, в будущем способствует активно и эффективно вести торговую политику. Вхождение на внешний рынок дает возможность освоить информацию о международных и о национальных условиях положениях регулирования экспортно-импортных товарных течениях. В этой статье рассмотрены некоторые особенности порядка, исчисления и уплаты НДС на таможенные операции между странами-членами таможенного союза согласно нормативным, законодательным актам.

Ключевые слова: Евразийское экономическое сообщество, Таможенный союз, экспорт и импорт товаров, косвенные налоги.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНО-
МИКАЛЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҚ
АЯСЫНДА КЕДЕНДІК
ОПЕРАЦИЯЛАРҒА ҚҚС
ЕСЕПТЕУ МЕН ТӨЛЕУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстанның сыртқы сауданы реттеуде әлемдік тәжірибеге қолдануы, оның болашақта сауда саясатын белсенді және тиімді жүргізуіне жол ашады.

Қазіргі таңда сыртқы нарыққа шығуда сыртқы саудада мәмілелерге қол жеткізу, оларды дайындау әдістері әртүрлі. Сыртқы нарыққа шығу, біріншіден, экспорттық-импорттық тауар ағымдарын реттеудің халықаралық және ұлттық шартты жағдайлары туралы ақпараттарды игеруге; екіншіден, нақты өнім түрлерін өткізудің және оған сәйкес сыртқы сауда мәмілелерін дайындаудың әртүрлі нысандары мен тәсілдерін зерттеп білуі шарт.

Еліміздің импорттық-экспорттық қарым-қатынасының жаңа сатыға көтерілуіне себеп болған Кедендік одақ құрылды. Бірнеше жылдар бойғы келіссөздер мен мәмілелер нәтижесінде Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттері арасында Кедендік Одақ 2010 жылдың шілде айында күшіне енген. Кедендік Одақ мүшелерінің ортақ нормативтік актілер – Кедендік Кодекс, тарифтік реттеуді пайдалануы бүгінгі күні Еуразиялық экономикалық қауымдастық шеңберінде қолданыста.

Кедендік одақ аясында Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Беларусь мемлекеттерінің Үкіметтерімен тауарлар экспорты мен импорты кезіндегі жанама салықтарды төлету тәртібін реттейтін халықаралық келісімдерге қол қойылған. Халықаралық келісімдерді жүзеге асыру мақсатында 2010 жылы «Салық салынатын және кедендік реттеу бойынша Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылып, Салық Кодексіне де өзгерістер мен толықтырулар енгізілген [1].

Қазақстан Республикасының Кедендік одақ бойынша Салық заңдылығының ережелері Кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында жасалған халықаралық шарттардың негізінде белгіленген және тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде қосылған құн салығы бөлігінде салық салуды, сондай-ақ Кеден одағына мүше мемлекеттердің өзара саудада оған салықтық әкімшілік етуін реттейді.

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекет-

таралық Кеңесінің 11.12.09 ж. №26 Шешіміне сәйкес, Кеден одағына мүше бір мемлекеттің аумағына басқа мүше-мемлекеттен импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды өндіру, салық салуда арнайы тәртіпті қолданатын салық төлеушілерді қоса алғанда, тауарларды импорттаған аумақтың салық органдарымен тауарды меншіктенуші мен салық төлеуші орналасқан жері бойынша есепке қою келесідей ерекшеліктерді есепке алғанда жүзеге асырылады:

– егер тауарлар Кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісі мен кеден одағына басқа мүше мемлекеттің салық төлеушісімен шарт негізінде сатып алынатын болса, онда жанама салықтарды төлеу тауарларды импорттаған аумақтың салық төлеушісімен, яғни тауарды меншіктенушімен немесе егер кеден одағына мүше мемлекет заңнамасымен қарастырылған болса делдал, сенім артылған өкіл немесе уәкілмен жүзеге асырылады;

– егер тауарлар Кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісі мен басқа бір мүше мемлекеттің салық төлеушісімен шарт негізінде сатып алынатын болса және бұл тауарлар кеден одағына мүше үшінші мемлекет аумағынан импортталатын жағдайда, онда жанама салықтар тауарларды импорттаған аумақтың салық төлеушісімен, тауарды меншіктенушімен төленеді;

– егер тауарлар Кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісімен басқа бір мүше мемлекеттің салық төлеушісімен агенттік шарт, тапсырма немесе комиссия шарты негізінде жүзеге асырылып, кеден одағына мүше үшінші мемлекет аумағынан импортталса, онда жанама салықтарды төлеу тауарларды импорттаған аумақтың салық төлеушісімен, яғни тауарды меншіктенушімен немесе егер кеден одағына мүше мемлекет заңнамасымен қарастырылған болса делдал, сенім артылған өкіл немесе уәкілмен жүзеге асырылады;

– егер Кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісі басқа бір мүше мемлекеттің салық төлеушісімен бұл мемлекеттің аумағына бұрын импортталған тауарларды сатып алып, бірақ оның жанама салықтары төленбеген болса, онда салықтарды төлеу, тауарларды импорттаған аумақтың салық төлеушісімен, яғни тауарды меншіктенушімен, немесе, егер кеден одағына мүше мемлекет заңнамасымен қарастырылған болса делдал, сенім артылған өкіл немесе уәкілмен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар тауарларға меншік құқығы берілетін немесе шартпен қарастырылған тауар-

ларға меншік құқығы ауысатын тұлға – тауарды меншіктенуші болып мойындалады.

ҚҚС төлеу үшін салықтық базасы салық төлеушідегі импортталған тауарларды есепке алу күніне қарай, сатып алынған тауарлар, сонымен қатар алынған тауарлы кредит шарттары мен өңделме шикізатты қайта өңдеу өнімдері және акцизделетін тауарлар бойынша салық салынатын өнім болып табылатын тауарлар негізінде анықталады.

ҚҚС үшін салықтық база, кеден одағына мүше бір мемлекет аумағына басқа бір мүше мемлекет аумағынан қайта өңделетін өнімдер әкелінген кезде, өңделме шикізатты қайта өңдеу бойынша жұмыстар құны ретінде анықталады [2].

Кеден одағына мүше бір мемлекет аумағына басқа бір мүше мемлекет аумағынан импортталатын тауарлар бойынша төленуге тиісті жанама салықтар сомасы тауарлар импортталған аумақтың мемлекет заңнамасымен бекітілген салықтық мөлшерлеме бойынша салық төлеушімен төленеді. Импортталған тауарларды есепке алу үшін, салық төлеуші Декларация негізінде тауарлар импортталған аумақтың мемлекет заңнамасымен бекітілген үлгіде салық органына импортталған тауарларды есепке алу кезеңінен кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей табыс етуге міндетті.

Қазақстан Республикасында бұл мақсаттар үшін Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 30.06.2010 ж. «Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың салықтық есептілігін құру ережелері» №311 бұйрығымен бекітілген 320.00 Декларация үлгісі қолданылады. Декларацияның өзі Декларация мен оған қосымшалардан тұрады [3].

Сонымен қатар салық төлеуші салықтық декларациямен бірге салық органына келесідей құжаттарды ұсыну қажет:

«Кеден одағына мүше-мемлекеттердің салық органдары арасында жанама салықтарды төлеу сомасы туралы электронды нұсқада ақпарат алмасу туралы» Хаттаманың №1 Қосымшасымен бекітілген үлгіде электронды және қағаз жеткізгіштегі әкелім Өтінішін ұсынады.

Өтініш жанама салықтарды төлеу мен тауарларды әкелу өтінішін толтыру тәртібін анықтайтын, Хаттаманың №2 Қосымша Ережелері бойынша дайындалады. Өтінішті салық төлеуші жергілікті есепке алу орны бойынша салық органына 4 дана қағаз түрінде және электронды түрде ұсынады. Өтініштің 1 данасы салық органында, қалған 3 данасы салық төлеушіге жанама салықтарды толық төлегені жөніндегі салық органының белгісімен қайтарылады.

Өтініштің екі данасы Кеден одағына мүше-мемлекеттің қай аумағынан тауарлар ҚҚС мөлшерлемесі 0% көлемінде шығарылған, сол аумақтың салық төлеушісіне салық органының белгісімен бағытталуы тиіс.

Айдың 20-сынан кейін импортталған тауарлар бойынша ҚҚС толықтай төленбеген, және де салықтық декларациялардың ұсынылмау фактілері анықталған жағдайда, салық декларацияларында көрсетілген ақпарат сәйкессіз болғанда немесе мерзімінен кешіктіріліп ұсынылған жағдайда, кеден одағына мүше мемлекеттің салық органдарымен ақпарат алмасу шеңберінде алынған мәліметтер бойынша салық органы тауар импортталған аумаққа кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасымен бекітілген тәртіпте салықтар мен өсімпұл төлетеді, сонымен қатар мемлекет заңнамасымен бекітілген жанама салықтарды төлету, өсімпұлдар мен жауапкершілік шаралары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жолдарын қолданады.

Кеден одағына мүше бір мемлекет аумағынан басқа бір мүше мемлекет аумағынан импортталған тауарлар бойынша төленген ҚҚС сомасы тауарлар импортталған кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына осы мемлекеттің заңнамасымен қарастырылған тәртіпте шегерілуі тиіс. ҚҚС бойынша жеңілдіктер беру, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен реттеліп отырады.

Кеден одағына мүше мемлекет аумағынан басқа бір мүше мемлекет аумағына тауарларды тауарлы кредит шарты бойынша шығарудың ҚҚС-ның салықтық базасы болып келесілер саналады:

- шартта ұсынылған, жіберілетін тауарлар құны;
- құны шартта көрсетілмеген жағдайда, тауар өткізу құжаттарында көрсетілген тауар құны;
- құны тауар өткізу құжаттары мен шарттарда көрсетілмеген жағдайда, бухгалтерлік есепте көрсетілген тауар құны.

Кеден одағына мүше мемлекет аумағынан шығарылған тауарлар бойынша салық төлеушінің ҚҚС 0% мөлшерлемесін қолдану негізділігін растау үшін, салық органына салық декларациясымен бірге келесідей құжаттар ұсынылады:

- тауарлар экспорты жүзеге асырылатын өзгерістер мен толықтырулар және оларға қосымшалар есебіндегі шарттар;
- егер кеден одағына мүше мемлекет заңнамасымен өзгесі қарастырылмаған жағдайда, экспорттер-салық төлеуші шотына экспортталған

тауарлардың жүзеге асуынан түскен түсімді нақты растайтын банк көшірмесі;

Сонымен қатар Хаттамамен қарастырылған қосымша құжаттар, тауарларды жөнелту күнінен бастап 180 күнтізбелік күн ішінде салық органына ұсынылуы қажет.

Жанама салықтар төленбеген, толықтай төленбеген немесе мерзімінен кешіктірілген жағдайда, салық органы кеден одағына мүше мемлекет заңнамасымен бекітілген тәртіп пен мөлшерге сәйкес өсімпұл мен жанама салықтарды төлетеді, сонымен қатар осы мемлекеттің заңнамасымен бекітілген жауапкершілік шаралары мен өсімпұлды және жанама салықтарды төлету міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету шараларын қолданады.

Егер салық төлеуші құжаттарды 180 күнтізбелік күн өткеннен кейін ұсынған кезде, төленген жанама салықтар сомасы тауарлар экспортталған кеден одағына мүше мемлекетпен бекітілген заңнамаға сәйкес шегеріліп, қайтарылуы тиіс. Жанама салықтарды төлеу мерзімін бұзғаны үшін төленген өсімпұл пен айыппұлдар сомасы қайтарылмайды [2].

Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 276-20 бабына сәйкес, Кеден одағында қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібін атап өтетін болсақ:

Кеден одағына мүше мемлекеттерге тауарлардың экспорты немесе алыс-беріс шикізатын өңдеу бойынша жұмыстарды орындау кезінде қосылған құн салығын төлеуші салық органына Кодекстің 276-21-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 270-бабында көзделген қосымша құн салығы жөніндегі декларациямен бір мезгілде мынадай құжаттарды:

1) тауарларды (оның ішінде алыс-беріс шикізаты өнімдерін) импорттаған Кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісінен алынған, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті табыс етуге міндетті;

2) қосылған құн салығы бойынша декларацияға қосымша болып табылатын, салық кезеңі ішінде Кеден одағына мүше мемлекеттерге өткізілген тауарлар немесе алыс-беріс шикізатын өңдеу жөнінде орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімін табыс етуге міндетті.

Егер 37-1-тарауында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде қосылған құн салығын салу, сондай-ақ оның салықтық әкімшілік ету бөлігінде Кодекстің басқа тарауларындағыдан өзге нормалар белгіленсе, онда осы тараудың нормалары

қолданылады. Осы тарауда тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде қосылған құн салығын салуға, сондай-ақ оның салықтық әкімшілік етуіне қатысты реттелмеген мәселелер осы Кодекстің басқа тарауларымен, сондай-ақ осы Кодексті қолданысқа енгізу туралы заңнамалық актімен реттеледі.

Сонымен қатар Кеден одағының шекарасы ішінде тауарлардың экспорты мен импорты кезіндегі, салық төлеуші қолданатын тауарлардың аумақтан нөлдік салық мөлшерлемесі бойынша шығарылғандығын растайтын қажетті құжаттар тізімі анықталған, соның ішінде:

Салық декларациясы.

Өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар есебіндегі шарттар, бұл жерде тауарлар лизингісі – лизинг шарттары, тауарлық несие – тауарлық несие шарттары, тауарларды дайындау шарттары, өңделме шикізаттарды қайта өңдеу шарттары.

Іс жүзінде түскен түсімді растайтын банктің көшірмесі; қолма-қол ақша қаражаттарымен есептесу кезіндегі, салық төлеушінің банктегі шотынан алынған соманы төлегендігін растайтын банктің көшірмесі, сонымен қатар көрсетілген тауарларды сатып алушыдан түскен түсімді іс жүзінде растайтын кассалық кіріс ордерінің көшірмесі; лизинг шарты бойынша тауарларды шығарған кезде, салық төлеуші-экспорттаушы есебіне лизингтік заттардың бастапқы құнын жартылай өтеудегі, лизингтік төлемнің түсуін растайтын банктің көшірмесі. Тауар айырбасы (бартерлік) операцияларын жүзеге асыру кезінде тауарлық несие алу үшін, салық төлеуші-экспорттаушы көрсетілген операциялар бойынша алынған тауарлар импорты, жұмыс-

тарды орындау, қызметтер көрсетуді растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

– жанама салықтарды төлеу мен тауарларды әкелу өтініші.

– көліктік тауарларға ілеспе құжаттар.

ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолдану негізділігін растайтын басқа да құжаттар [4].

Салықтық бақылау, Кеден одағына мүше мемлекеттердің өзара саудада салық төлеушінің салықтық міндеттеме бойынша тауарлар экспорты және импорты кезінде ҚҚС төлеу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау мемлекет органдары мен басқа тұлғалардан алынған салық төлеушінің қызметі жайлы құжаттар мен ақпараттардың, сонымен қатар салық төлеуші ұсынған салықтық есептілігі негізінде салықтық қызмет органдарымен жүзеге асырылыады. Кеден одағының ереже тарауларының мақсаттарын орындау үшін жұмыстар, қызметтер, тауарлар құны шетел валютасынан нарық бағамы бойынша салық салынатын импорт, жұмыс, қызмет пен тауарларды өткізу айналымының аяқталу мерзіміне қарай теңгеге қайта есептеледі.

Қорыта келе, Еуразия экономикалық қауымдастығы аясында төленетін салықтар мемлекет бюджетіне ықпал ететін маңызды экономикалық тетік болып табылады. Сондықтан кедендік операцияларды жүргізу шарасында салықтар мен төлемдердің тәртібін реттеу және салықтарды қолдануда бірқатар шараларды қамтамасыз ету шарт. Жанама салықтарды ұтымды және тиімді қолданса мемлекетке үлкен қаржылық түсімдер келеді әрі қосымша құн салығының қолданылуы бүгінгі күні бюджеттік түсімдердің негізгі көзіне жатады. Жанама салықтарды төлеу қарқыны өсудің тұрақты бағыттарына айналды.

Әдебиеттер

- 1 Таможенный союз Беларуси, Казахстана и России: состояние, проблемы, перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009.
- 2 Решение №26 Заседания Межгоссовета ЕврАзЭС (высшего органа таможенного союза) от 11 декабря 2009 г.
- 3 Приказы Министра Финансов РК №311, №318 и №348 за 2010 г.
- 4 Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) по состоянию на 1 января 2015 года.

References

- 1 Tamojennyi sojuz Belarusi, Kazahstana i Rossii: sostojanie, problem. Perspektivy. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2009.
- 2 Reshenie №26 Zasedanija Mejhossoveta EvrAzES (vysshego organa Tamojennogo sojuza) ot 11 dekabrja 2009 g.
- 3 Prikazy Ministra Finansov RK №311, №318 i №348 za 2010 g.
- 4 Kodeks Respubliki Kazahstan «O nalogah i drugih objazatelnyh platejah v bjudjet» (Nalogovyi Kodeks) po sostojaniju na 1 janvarja 2015 goda.

